

**Қамқоршылық кеңес
№2 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 18.12.2023 ж

Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің 7 мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылатын жұмыстармен танысу, талқылау
2. Дарынды балаларды қолдау және тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету (жаңа жыл мерекесінде сыйлықтар беру) мақсатында іс-шара ұйымдастыру

Қай жерде қаралады: Қамқоршылық кеңесте

Бақылау түрі: Тақырыптық

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры сөз сөйледі. І жарты жылдықта атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

Оқу жылының басынан бастап дәстүрлі оқу форматынына оралған оқушылардың белсенділігі мен танымдық-қызығушылықтарына қолдау көрсету мақсатында қыркүйектің әр аптасында санитарлық талаптарды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптармен бекітілген оқу-тәрбиелік іс шараларын жүзеге асыру жоспар бойынша өткізілуде.

1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан жетім балалар мен ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету мақсатында мектеп ұжымы тарапынан 15 оқушыға кеңсе тауары, 3 оқушыға мектеп формасы берілді.


Жалпы білім беру қорынан 42 оқушыға көмек көрсетілді.


Республикалық «Алтын сақа» олимпиадасына мектепшілік кезеңнен 5 оқушыға аудандық кезеңге жолдама берілді.

Екінші мәселе бойынша, мектептің оқушылары халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық байқауларға қатысып дәрежелі дипломдармен марапатталуда. Сонымен қатар мектепшілік тәрбиелік іс-шаралар мен түрлі форматтағы байқаулар ұйымдастырылып оқушылар сыйлықтармен марапатталуда.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Сүйеуов.З


Мүшелері:  Алпысбаева.Г


 Тақтанова.Г


 Тұманшинова.Г

 Кемалов.С

 Хисамиденова.Н

 Ұзақбаев.Т

 Сагидан.Н

 Шегір.А